

"Мұнай-газ саласындағы мамандардың сәйкестігін растау және біліктілікті беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 30 шілдедегі № 132 бұйрығының және "Мұнай-газ саласындағы мамандардың сәйкестігін растау және біліктілікті беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мұнай және газ Министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 30 шілдедегі № 132 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 411 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 698 бұйрығы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 және 43-1-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**
1 . М ы н а л а р д ы ң :

1) «Мұнай-газ саласындағы мамандардың сәйкестігін растау және біліктілікті беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 30 шілдедегі № 132 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7934 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 7 қарашадағы № 729-734 (27806) газетінде жарияланған);

2) «Мұнай-газ саласындағы мамандардың сәйкестігін растау және біліктілікті беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мұнай және газ Министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 30 шілдедегі № 132 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 411 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11802 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 17 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қол қойылған күнінен бастап бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің « Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы ақпаратты орналастыруды және нормативтік құқықтық актілер тізбесінен алып тастауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика Министрінің
міндетін атқарушы
М. Мырзағалиев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
А. Сәрінжіпов

2015 жылғы 08 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
элеуметтік даму министрі
Т. Дүйсенова

2015 жылғы 10 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
Ә. Исекешев

2015 жылғы 10 желтоқсан